



БҰЙРЫҚ

2026 жылғы 10 сәуір
Қарағанды қаласы

ПРИКАЗ

№ 221
город Караганда

**Сыбайлас жемқорлық
тәуекелдеріне жол бермеу туралы**

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына, Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару Заңының 27, 39 бабына және Қарағанды облысы әкімдігінің 2021 жылғы 05 қаңтардағы №01/02 қаулысымен бекітілген «Қарағанды облысының білім басқармасы» ММ Ережесінің 3 тарауының 9 тармағына, 1 тарауының 7 тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қарағанды облысы білім басқармасына қарасты білім беру ұйымдарында (мектептер, колледж, мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты, арнайы мектеп-интернаттары, балабақшалар т.б.) қаражат жинауға қатаң тиым салынсын;
2. Қарағанды облысы білім басқармасының аудандық және қалалық білім бөлімдерінің басшылары және облыстық ведомствоға қарасты білім беру ұйымдарының басшылары өздеріне қарасты білім беру ұйымдарының мұғалімдері мен білім беру ұйымдарының директорларына соңғы қоңырауларды, мектеп бітіру кештерін өткізуге және қымбат сыйлықтарға қаражат жинау фактілерін болдырмау үшін тиісті жұмыстар атқарсын;
3. Қарағанды облысы білім басқармасының аудандық және қалалық білім бөлімдерінің басшылары және облыстық ведомствоға қарасты білім беру ұйымдарының басшылары осы бұйрықтан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын және тиісті бұйрық шығарып, білім беру ұйымдарының барлық қызметкерлеріне таныстырсын;
4. Бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Басшы

Д. Жекебаев